

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Кітап ең сенімді серігім

ЖАРИЯЛАНДЫ
04.05.2022СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/119847/

КІТАП АДАМЗАТТЫҢ ҰЛЫ БАЙЛЫҒЫ

Адамзаттың ең ұлы қазынасы-кітап,кітаптың сиқырлығы неде?кітаптың сиқырлығы ода бүкіл әлемнің құбылыстары,әлебиет,ғылым,тарих,хикая,бәрі бәрі кітаптан табылады,21-ғасыр онлайн ғасыр болды,ғаламтордан бәрін табуға болады дейді,бірақ біз кейбір сирек кездесетін мәлімет деректерді ғаламтордан таппаймыз,ғаламторда бәрі бар дегеннің өзі бір қате түсінік ,қате ұғым,өйткені ғаламторда жоқ нәрсе кітапта бар,ал кітаптан бәрін табуға болады,егер адам ізденсе, Кітап адам баласының сан ғасырлық ақыл-ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы. «Кітап дегеніміз — алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйылар едік», деп Ғабит Мүсірепов атамыз текке айтпаған,кітап адам баласының байлығы,рухани құндылығы деп білеміз.

Қазақ халқы ежелден сөзге бай халық,көптеген ұлы жазушы,ақын,жырауларымыз болған,мысалға заңғар жаушы Мұхтар Әуезов,әлем танып біліп жатқан ұлы ақынымыз Абай Құнанбайұлы,жыр атасы Жамбыл Жабаев сияқты алты алашқа мұра болып қалған тұлғаларымыз көп.

Менің жалпы оқыған кітабым көп,соның ішінде жақсы көріп,күні-түні көз ілмей оқыған кітабым-Таласбек Әсемқұловтың шығарма жинақтары,жалпы Таласбек Әсемқұлов өте керемет жазушы,күйші,сыншы деп білемін,бәрімізгеде таңсық емес деп ойлаймын,Таласбектің шығаомаларын әңгімелерін оқығанда мен рухани байып,дамып қаламын,сөздік қорымада кәдімгідей пайдасын тигізді,оқиғаның барысы,дамуы,шарықтау шегі,бәрін бәрін өте керемет суреттеген,ішіне кіріп ,өзіңізді сол кітаптың ішіндегі кейіпкер ретінде елестетіп отырып оқисыз,жалпы жастарға болсын үлкен буындағы кісілерге болсын,Таласбек Әсемқұловтың шығармашарын оқуға кеңес беремін,оқыңыздар,сезініңіздер,рухани байыңыздар.

Жалпы адамзатқа қазақ халқына айтарым,ең озық білім,ғылым,техника,бәрі кітапта,сондықтан кітап оқуға ерінбейік,жалқау болмайық,кітап оқымасақ біз кштеңені білмейміз,түсінбейміз,"Артық білім кітапта,ерінбей оқып көруге"деп Абай атамыз текке айтпаған,барлық білім,байлық,құндылық кітапта екенін ұмытпайық.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.